

"Қапшағай қаласында дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы" 2015 жылғы 19 қарашадағы № 11-21 Қапшағай қаласының әкімінің шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімінің 2016 жылғы 02 ақпандағы № 02-02 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 08 ақпанда № 3692 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 12-15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімінің 10.12.2018 № 12-15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 23-бабының 1-тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 2-тармағына, сәйкес, Қапшағай қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Қапшағай қаласында дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 24 желтоқсанда № 3636 тіркелген, "Нұрлы өлке" газетінде 2016 жылдың 15 қаңтардағы № 03 (360) жарияланған) 2015 жылғы 19 қарашадағы № 11-21 Қапшағай қаласының әкімінің шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасының 8-тармағының екінші абзацындағы "Серебрянская көшесі № 1-ден 44-ке дейін" сөздері алынып тасталсын;

аталған шешімнің қосымшасының 10-тармағының екінші абзацындағы "Спутник" шағын ауданы, Лесозавод көшесі № 1-ден 40-қа дейін, Железнодорожная көшесі № 1-ден 14-ке дейін, №3а, №3б, мұнай базасы № 1, № 2, әскерилендірілген күзет № 1-ден 8-ге дейін; "Рауан" шағын ауданы" сөздері алынып тасталсын;

аталған шешімнің қосымшасының 10-тармағының екінші абзацы "Серебрянская көшесі № 1-ден 44-ке дейін" сөздерімен толықтырылсын;

аталған шешімнің қосымшасының 11-тармағының екінші абзацы "Спутник" шағын ауданы, Лесозавод көшесі № 1-ден 40-қа дейін, Железнодорожная көшесі

№ 1-ден 14-ке дейін, №3а, №3б, мұнай базасы № 1, № 2, әскерилендірілген күзет № 1-ден 8-ге дейін; "Рауан" шағын ауданы" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

3. Қапшағай қаласы әкімінің аппарат басшысына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және қалалық әкімдіктің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Кикимов